

## ӘЛЕУМЕТ

# БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**Шымкент қаласында ізгілік пен мейірімділікке толы қайырымдылық іс-шарасы өтті. Игі бастама аясында өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға ерекше қамқорлық көрсетілді.**

Іс-шара М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының магистр-оқытушысы Н.Серікбаеваның бастамасымен және демеушілік қолдауымен ұйымдастырылды. Сауапты іске Шымкент қаласы Нұртас шағын ауданында орналасқан «Mobil Group» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Д.Дәулетбек белсене үн қосып, Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты «Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қол-

дау орталығы» КММ-нің тәрбиеленушілеріне заттай қайырымдылық көмек көрсетті.

Бастаманың мақсаты — орталықтағы балаларға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларға мейірім мен жылылық сыйлау, қоғам назарынан тыс қалмағанын сезіндіру болды. Бұл игі шара бүлдіршіндерге тек материалдық көмек қана емес, рухани тұрғыдан да үлкен демеу болғаны анық. Үлкендердің жанашырлығын сезінген балалардың жүзін-

дегі қуаныш пен шынайы алғысы ұйымдастырушылар үшін ең үлкен марапатқа айналды.

Қайырымдылық — қоғамды ізгілік пен жанашырлыққа бастайтын асыл құндылық. Осындай іс-шаралар арқылы біз әрбір баланың бақытты балалық шаққа, сапалы білім мен жарқын болашаққа құқылы екенін тағы бір мәрте дәлелдейміз.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай сауапты істер өз жалғасын тауып, игі дәстүрге айналатынына сенім білдірді. Өйткені, балаларға жасалған әрбір жақсылық — елдің жарқын болашағына жасалған қадам.

**Н.СЕРІКБАЕВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ  
«Техникалық мамандықтар  
үшін шет тілі»  
кафедрасының  
магистр-оқытушысы**